

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы	044-45/11 14 беттің 1 беті
Силлабус	

«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы
«Онкостоматология» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы
«6B10103- «Стоматология» білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пәннің коды: OnkoS 5201	1.6	Оқу жылы: 2023-2024
1.2	Пәннің атауы: Онкостоматология	1.7	Курс: 5
1.3	Реквизит дейінгі: Ауыз қуысының шырышты қабығының аурулары	1.8	Семестр: 10
1.4	Реквизит кейінгі: Интернатурадағы Хирургиялық стоматология	1.9	Кредит саны (ECTS): 4 /120
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ЖООК
2.	Пәннің сипаттамасы		
«Онкостоматология- тұрғындарға хирургиялық онкостоматологиялық көмек көрсетуді, жақ бет аймағының және ауыз қуысының жұмсақ тіндері мен сүйектерінде кездесетін қатерлі ісіктерінің таралу жиілігін зерттеуді, онкологиялық сақтық қағидасын ұстана отырып скринингтік және профилактикалық шараларды ұйымдастыруды, онкостоматологиялық науқастарда клиникалық тексеру мен бақылауды жүргізуді, амбулаториялық және стационарлық онкологиялық көмекті іске асыруды үйрететін пән.			
3.	Жиынтық бағалау нысаны		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚТЭ/ОҚКЭ немесе Тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Студенттерде жақ-бет аймағының қатерсіз және қатерлі түзілімдерінің клиникасының ерекшеліктері және онкологиялық сақтық талаптары туралы түсінік қалыптастыру, жақ-бет аймағының ісіктері бар науқастарды тексеру және хирургиялық емдеуде маңызды операциялық дағдыларды қалыптастыру.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
ОН 1	Жақ-бет аймағында, ісіктері бар науқастардың оның ішінде жүкті әйелдерде клиникасының ерекшеліктері жайлы білім деңгейін және жақ-бет аймағының қатерсіз және қатерлі ісіктерінің дифференциалды диагностикасын жүргізу дағдыларын көрсетеді.		
ОН 2	Өзімен кәсіби байланысты мамандармен кеңесе отырып, жақ-бет аймағында ісіктері бар барлық жастағы пациенттерде, оның ішінде жүкті әйелдерде бастапқы диагностикалау мен емдеуді, аурудың алдын алу және скрининг жоспарын жасау дағдыларын меңгерген.		
ОН 3	Онкологиялық науқастарды стоматологиялық қабылдауда әріптестерімен және кіші медициналық қызметкерлермен, пациенттермен және олардың туыстарымен тиімді қарым-қатынас жасайды.		
ОН 4	Жақ - бет аймағындағы ісіктерді емдеу бойынша дәлелді медицина базасында ақпарат іздейді.		
5.1	Пәннің ОН	Пәннің оқыту нәтижелерімен байланысты, БББ оқыту нәтижелері	
	ОН1,ОН2	ОН 2 Жүкті әйелдерде стоматологиялық аурулардың ерекшеліктері жайлы білімін көрсетеді.	
	ОН2	ОН 4 Барлық жас топтарындағы науқастардың негізгі стоматологиялық ауруларын емдеу мен алдын алуды жүзеге асырады	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
Силлабус		14 беттің 2 беті

	ОН3	ОН 5 Медициналық этика және деонтология принциптерін сақтай отырып, әріптестерімен, медбикелерімен және кіші қызметкерлермен, пациенттермен және олардың туыстарымен қарым-қатынас жасауда дәрігерлік қызметтің этикалық және деонтологиялық аспектілерін жүзеге асыруға дайын және әртүрлі жас топтарындағы науқастарға арналған психологиялық-педагогикалық сендіру әдістерін ұстанады.				
	ОН4	ОН 8 Медициналық тәжірибе мен зерттеулерде ғылыми принциптерді, әдістерді және білімді қолданады. Өзінің білімін үздіксіз жетілдіруге және өзін дамытуға қабілетті.				
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өтетін орны (ғимарат, аудитория):Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы, "Хирургиялық және ортопедиялық стоматологиясы "кафедрасы. Әл-Фараби алаңы, № 2 корпус, I-қабат. Электр онды почта: Stom_2018@inbox.ru					
6.2	Сағат саны	Дәрістер	Тәжіриб. саб.	Зе рт. саб .	БООЖ	ОБООЖ
		10	30	-	56	24
7.						
№	Аты-жөні	Дәрежесі мен лауазымы	Электронды почтасы	Ғылыми қызығушылықтары	Жетістік-тері	
1.	Ширынбек И.	PhD, доктор,ассистент	shirynbek@mail.ru			
2.	Аргинбекова А.А.	ассистент	dc.arginbekova@mail.ru			
3.	Тағай Г.Т.	ассистент	stom_2018@inbox.ru			
8	Тақырыптық жоспар					
Ап та	Тақырып атауы	Қысқаша мазмұны	Пән нің ОН	Са ғат саны	Оқытудың түрлері/әдісте рі/оқыту технология- лары	Бағалау- дың түрлері/ әдістері
1	Дәріс. Жақ-бет аймағының ісіктерінің түрлері. Эпидемиологиясы. Ісіктердің халықаралық жіктелуі. Диагностиканың негізгі әдістері. Онкологиялық сақтық. Жақ-бет аймағының ісіктері бар науқастарды медициналық тексерудің негіздері. Жақ сүйектерінің одонтогенді ісіктері. Амелобластома. Одонтома, одонтогендік фиброма, цементома. Клиникасы, диагностикасы. емі.	Жақ-бет аймағының ісіктерінің түрлері. Эпидемиологиясы. Ісіктердің халықаралық жіктелуі. Диагностиканың негізгі әдістері. Онкологиялық сақтық. Жақ-бет аймағының ісіктері бар науқастарды медициналық тексерудің негіздері. Жақ сүйектерінің одонтогенді ісіктері. Амелобластома. Одонтома, одонтогендік фиброма, цементома. Клиникасы, диагностикасы. емі.	ОН1 ОН2	2	Шолу	Кері байланыс (блиц-сауалнам а)

	Тәжірибелік сабақ. Жақ-бет аймағының онкологиялық аурулары бар науқастарды тексерудің ерекшеліктері. Науқастарды бақылап күту	Халыққа онкологиялық хирургиялық стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Жақ-бет аймағының онкологиялық аурулары бар науқастарды тексерудің ерекшеліктері. Онкологиялық сақтық Науқастарды курациялау	ОН1 ОН2	3	Тақырыпты талқылау Тәжірибелік жұмыс орындау, ауру тарихын толтыру	Ауызша сұрау Тәжірибелік жұмысты бағалау, чек парак
	БООЖ/БӨЖ Жақ-бет аймағының ісіктерін диагнозын анықтаудың зертханалық және гистологиялық әдістері.	Жақ-бет аймағының ісіктерін диагнозын анықтаудың зертханалық және гистологиялық әдістері.	ОН1 ОН3 ОН4	3/5	Эссе	Чек-парақ
2	Дәріс. Жақ сүйектерінің одонтогенді ісік тәрізді құрылымдары-тіс түбірі кистасы,фолликулалы киста,эпулидтер. Жақтың остеогенді ісіктері. Остеобластокластома. Остеома.остеоид-остеома. Жақ сүйегінің ісік тәрізді зақымдануы. Клиникасы, диагностикасы, емі.	Жақ сүйектерінің одонтогенді ісік тәрізді құрылымдары-тіс түбірі кистасы,фолликулалы киста,эпулидтер.Клиникасы,анықталуы,заманауи ем жолдары. Жақтың остеогенді ісіктері. Остеобластокластома. Остеома.остеоид-остеома. Жақ сүйегінің ісік тәрізді зақымдануы, клиникасы, диагностикасы, емі.	ОН1 ОН2 ОН3	2	Шолу	Кері байланыс (блиц-сауалнам а)
	Тәжірибелік сабақ. Жақ сүйектерінің одонтогенді ісіктері. Амелобластома. Одонтома, одонтогендік фиброма, цементома. Клиникасы, диагностикасы, емі.	Жақ сүйектерінің одонтогенді ісіктері. Амелобластома. Одонтома, одонтогендік фиброма, цементома. Клиникасы, диагностикасы, емі.	ОН1 ОН2	3	Тақырыпты талқылау, жағдаяттық есеп шығару	Ауызша сұрау, жағдаяттық есепті тексеру
	БООЖ/БӨЖ Амелобластоманы емдеудің хирургиялық әдістері. Амелобластоманың даму теориялары.	Амелобластоманы емдеудің хирургиялық әдістері. Амелобластоманың даму теориялары.	ОН2 ОН3 ОН4	3/5	Эссе	Чек-парақ
3	Дәріс. Қатерсіз ісіктер және терінің ісік тәрізді зақымдануы-гемангиомалар, лимфангиомалар, липомалар, папилломалар, атеромалар. Терінің қатерлі ісік алды аурулары, еріннің қызыл жиегі. ауыз	Қатерсіз ісіктер және терінің ісік тәрізді зақымдануы-гемангиомалар, лимфангиомалар, липомалар, папилломалар, атеромалар. Терінің қатерлі ісік алды аурулары, еріннің қызыл жиегі, ауыз қуысының шырышты	ОН2 ОН3 ОН4	2	Шолу	Кері байланыс (блиц-сауалнам а)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
Силлабус		14 беттің 4 беті

	куысының шырышты қабаты. Клиникасы, диагностикасы, емі.	қабаты. Клиникасы, диагностикасы, емі.				
	Тәжірибелік сабақ. Жақ сүйектерінің одонтогенді ісік тәрізді құрылымдары-тіс түбірі кистасы,фолликулалы киста,эпулидтер.Клиникасы,анықталуы,заманауи ем жолдары. Науқастарды бақылап күту	Жақ сүйектерінің одонтогенді ісік тәрізді құрылымдары-тіс түбірі кистасы,фолликулалы киста,эпулидтер.Клиникасы,анықталуы,заманауи ем жолдары. Науқастарды курациялау	ОН2 ОН3	4	Тақырыпты талқылау Тәжірибелік жұмыс орындау, ауру тарихын толтыру	Ауызша сұрау Тәжірибелік жұмысты бағалау, чек парақ
	БООЖ/БӨЖ Жақ кисталарын емдеудің заманауи хирургиялық әдістері.	Жақ кисталарын емдеудің заманауи хирургиялық әдістері.	ОН2 ОН3 ОН4	2 /5	Эссе	Чек-парақ
4	Дәріс. Факультативті ісік алды жағдайлар.	Кешіктірілген сәулелі тері жаралары, тері мүйізі, күшәнді кератоздар, актиникалық кератоздар, туберкулездік жегі, трофикалық жаралар және басқа, созылмалы өтетін ойық жаралы және грануломатозды тері зақымданулары (алапес, мерез, қызыл жегі, терең микоздар).	ОН2 ОН3 ОН4	2	шолу	Кері байланыс (блиц-сауалнам а)
	Тәжірибелік сабақ. Жақтың остеогенді ісіктері. Остеобластокластома. Остеома.остеоид-остеома. Клиникасы, диагностикасы, емі. Науқастарды курациялау	Жақтың остеогенді ісіктері. Остеобластокластома. Остеома.остеоид-остеома. Клиникасы, диагностикасы, емі. Науқастарды курациялау	ОН2 ОН3	3	Тақырыпты талқылау, тестілеу Тәжірибелік жұмыс орындау, ауру тарихын толтыру	Ауызша сұрау, тест нәтижесін бақылау Тәжірибелік жұмысты бағалау, чек парақ
	БООЖ/БӨЖ Жақ-бет аймағының ісіктері бар науқастарды емдеудегі деонтология және медициналық этика.	Жақ-бет аймағының ісіктері бар науқастарды емдеудегі деонтология және медициналық этика.	ОН2 ОН3	3/5	Эссе	Чек-парақ
5	Дәріс. Сілекей бездерінің қатерсіз ісіктері. Үлкен және кіші сілекей бездерінің кисталары. Жақ-бет аймағының нейрофиброматозы, туа біткен кисталар мен жыланкөздер. Клиникасы,	Сілекей бездерінің қатерсіз ісіктері. Үлкен және кіші сілекей бездерінің кисталары. Жақ-бет аймағының нейрофиброматозы, туа біткен кисталар мен жыланкөздер. Клиникасы,	ОН2 ОН3 ОН4	1	шолу	Кері байланыс (блиц-сауалнам а)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
Силлабус		14 беттің 5 беті

	диагностикасы, емдеу әдістері.	диагностикасы, емдеу әдістері.				
	Тәжірибелік сабақ. Тері қабатының қатерсіз ісіктері мен ісік тәрізді түзілімдері.- гемангиомалар,лимфангиомалар,липома,папиллома,а терома. Клиникасы, диагностикасы, емі. Науқастарды курациялау	Тері қабатының қатерсіз ісіктері мен ісік тәрізді түзілімдері.- гемангиомалар,лимфангиомалар,липома,папиллома,а терома. Клиникасы, диагностикасы, емі. Науқастарды курациялау	ОН2 ОН3	3	Тақырыпты талқылау Тәжірибелік жұмыс орындау, ауру тарихын толтыру	Ауызша сұрау Тәжірибелік жұмысты бағалау, чек парак
	БООЖ/БӨЖ Аралық бақылау 1		ОН1 ОН3	3/5	Жазбаша, жазбаша	жұмыстарды бағалау
6	Дәріс. Бет терісінің, ауыз қуысының,тілдің және еріннің қатерлі ісіктері. Жоғарғы және төменгі жақтың қатерлі ісігі. Сілекей бездерінің қатерлі ісіктері. Клиникасы, диагностикасы, емі.	Бет терісінің, ауыз қуысының,тілдің және еріннің қатерлі ісіктері. Жоғарғы және төменгі жақтың қатерлі ісігі. Сілекей бездерінің қатерлі ісіктері. Клиникасы, диагностикасы, емі.	ОН2 ОН3 ОН4	1	шолу	Кері байланыс (блиц-сауалнам а)
	Тәжірибелік сабақ. Бет әлпеті тері қабатының, қызыл еріннің,ауыз қуысы шырышты қабығының, қатерлі ісік алды түзілістері. Клиникасы, диагностикасы, емі.	Бет әлпеті тері қабатының, қызыл еріннің,ауыз қуысы шырышты қабығының, қатерлі ісік алды түзілістері.Клиникасы, анықталуы,емі.	ОН2 ОН3 ОН4	4	Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау
	БООЖ/БӨЖ Стоматологиялық тәжірибеде онкологиялық науқастар ортасында диспансерлік шаралар жүргізу	Стоматологиялық тәжірибеде онкологиялық науқастар ортасында диспансерлік шаралар жүргізу	ОН2 ОН3 ОН4	2/5	Эссе	Чек-парақ
7	Тәжірибелік сабақ. Факультативті ісік алды жағдайлар. Науқастарды курациялау	Кеш сәулелі тері жаралары, тері мүйізі, күшәнді кератоздар, актиникалық кератоздар, туберкулездік жегі, трофикалық жаралар және басқа, созылмалы өтетін ойық жаралы және грануломатозды тері зақымданулары (алапес, мерез, қызыл жегі, терең	ОН2 ОН3 ОН4	3	Тақырыпты талқылау Тәжірибелік жұмыс орындау, ауру тарихын толтыру	Ауызша сұрау Тәжірибелік жұмысты бағалау, чек парак

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
Силлабус		14 беттің 6 беті

		микоздар). Науқастарды курациялау				
	БООЖ/БӨЖ Терідегі ісікалды (қатерлі ісік алды) процестерінің жіктелуі.	Қатерлі ісіктің жоғары жиілігімен. Пигментті ксеродерма, Боуэн ауруы, Кейр эритроплазиясы.	ОН1 ОН2	3/5	Эссе	Чек-парақ
8	Тәжірибелік сабақ. Сілекей бездерінің қатерсіз ісіктері. Үлкен және кіші сілекей бездерінің кисталары. Жақ-бет аймағының нейрофиброматозы, туа біткен кисталар мен жыланкөздер. Клиникасы, диагностикасы, емдеу әдістері. Науқастарды курациялау	Сілекей бездерінің қатерсіз ісіктері. Үлкен және кіші сілекей бездерінің кисталары. Жақ-бет аймағының нейрофиброматозы, туа біткен кисталар мен жыланкөздер. Клиникасы, диагностикасы, емдеу әдістері. Науқастарды курациялау	ОН2 ОН3 ОН4	3	Тақырыпты талқылау Тәжірибелік жұмыс орындау, ауру тарихын толтыру	Ауызша сұрау Тәжірибелік жұмысты бағалау, чек парақ
	БООЖ/БӨЖ Жоғарғы жақтың қатерлі ісігі. Онгрэн Схемасы. Бет терісінің қатерлі ісіктерін диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістері	Жоғарғы жақтың қатерлі ісігі. Онгрэн Схемасы. Бет терісінің қатерлі ісіктерін диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістері	ОН1 ОН2 ОН4	3/5	Эссе	чек-парақ
9	Тәжірибелік сабақ. Бет терісінің қатерлі ісіктері. жоғарғы және төменгі жақтың қатерлі ісігі. Ауыз қуысының, тілдің және еріннің шырышты қабығының қатерлі ісіктері. Сілекей бездерінің қатерлі ісіктері. Клиникасы, диагностикасы, емдеу әдістері. Науқастарды бақылап күту	Бет терісінің қатерлі ісіктері. жоғарғы және төменгі жақтың қатерлі ісігі. Ауыз қуысының, тілдің және еріннің шырышты қабығының қатерлі ісіктері. Сілекей бездерінің қатерлі ісіктері. Клиникасы, диагностикасы, емдеу әдістері. Науқастарды бақылап күту	ОН2 ОН3 ОН4	4	Тақырыпты талқылау Тәжірибелік жұмыс орындау, ауру тарихын толтыру	Ауызша сұрау Тәжірибелік жұмысты бағалау, чек парақ
	БООЖ/БӨЖ Аралық бақылау 2		ОН2 ОН3 ОН4	2/4	Жазбаша, жазбаша	жұмыстарды бағалау
	Аралық сынақты өткізу және дайындалу			12		
9.	Оқыту әдістері және бақылау түрлері					
9.1	Дәріс	Шолу, Кері байланыс (блиц-сауалнама)				
9.2	Тәжірибелік сабақ	Тақырыпты талқылау, жағдаяттық есеп шығару, Тәжірибелік жұмыс орындау, ауру тарихын толтыру, тестілеу. Ауызша сұрау, тест нәтижесін бағалау, Тәжірибелік жұмысты бағалау, чек парақ, жағдаяттық есепті бағалау				
9.3	БӨЖ/БООЖ	Эссе, чек-парақ				
9.4	Аралық бақылау	Жазбаша, жазбаша жұмыстарды бағалау				
10. 1	Пәнінің оқыту нәтижелерінің бағалау критерийлері					

№	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлы қсыз	Қанағаттанарлы қ	Жақсы	Өте жақсы
ОН 1	Жақ-бет аймағында, ісіктері бар науқастар оның ішінде жүкті әйелдерде клиникасының ерекшеліктерін және жақ-бет аймағының қатерсіз және қатерлі ісіктерінің дифференциалды диагностикасын жүргізу дағдыларын көрсетеді.	1. Жақ-бет аймағында, ісіктері бар науқастар оның ішінде жүкті әйелдерде клиникасының ерекшеліктерін білмейді. 2. Жақ-бет аймағының қатерсіз және қатерлі ісіктерінің дифференциалды диагностикасын жүргізе алмайды.	1. Жақ-бет аймағында, ісіктері бар науқастар оның ішінде жүкті әйелдерде клиникасының ерекшеліктерін белгісіз тізімдейді. 2. Мүшенің қатерсіз және қатерлі ісіктерін дифференциалды диагностикалау кезінде өрескел қателіктер жібереді.	1. Жақ-бет аймағында, ісіктері бар науқастар оның ішінде жүкті әйелдерде клиникасының ерекшеліктерін тізімдейді. 2. Жақ-бет аймағының қатерсіз және қатерлі ісіктерін дифференциалды диагностикалау кезінде маңызды емес қателіктер жібереді және оларды түзетеді.	1. Жақ-бет аймағында, ісіктері бар науқастар оның ішінде жүкті әйелдерде клиникасының ерекшеліктерін жақсы біледі. 2. Жақ-бет аймағының қатерсіз және қатерлі ісіктерінің дифференциалды диагностикасын жүргізеді.
ОН 2	Пациенттерді тиісті аралас мамандарға жібере отырып, барлық жастағы, оның ішінде жүкті әйелдерде жақ-бет аймағында ісіктері бар пациенттерді алдын ала диагностикалау және емдеу және алдын алу және скрининг жоспарын жасау дағдыларын меңгерген.	1. Барлық жастағы, соның ішінде жүкті әйелдерде жақ-бет аймағында ісіктері бар науқастарды алдын-ала диагностикалау және емдеу, алдын-алу және скрининг жоспарын жасай алмайды 2. Тиісті аралас мамандардың пациенттерді қарау қажеттілігін анықтауда бағдарланбайды.	1. Жақ-бет аймағында, барлық жастағы, соның ішінде жүкті әйелдерде неоплазмалары бар науқастарды алдын ала диагноз қою және емдеу, алдын алу және скрининг жоспарын жасау қиынға соғады. 2. Тиісті аралас мамандардың пациенттерді қарау қажеттілігін анықтауда бағдарланбайды.	1. Ол алдын-ала диагноз қояды және мұғалімнің және аға әріптестердің көмегімен барлық жастағы, соның ішінде жүкті әйелдерде жақ-бет аймағында ісіктері бар науқастарды емдеу, алдын-алу және скрининг жоспарын жасайды. 2. Пациенттерді тиісті аралас мамандарға жібереді.	1. Ол алдын-ала диагноз қояды және барлық жастағы, соның ішінде жүкті әйелдерде жақ-бет аймағында ісіктері бар науқастарды емдеу, алдын-алу және скрининг жоспарын жасайды 2. Пациенттерді тиісті аралас мамандарға жібереді.
ОН 3	Хирургиялық стоматологиялық қабылдауда әріптестерімен және кіші медициналық қызметкерлермен, пациенттермен және олардың туыстарымен тиімді қарым-қатынас жасайды.	1. Әріптестерімен, тәлімгерлерімен, медициналық қызметкерлермен қарым-қатынас жасамайды, мәселелерді тұжырымдауда қиындықтарға тап болады, командада жұмыс істемейді.	1. Әріптестерімен, тәлімгерлерімен, медициналық қызметкерлермен қарым-қатынас жасағысы келмейді, мәселелерді тұжырымдауда қиындықтарға тап болады, командада жұмыс істеуге ұялады.	1. Әріптестерімен, тәлімгерлерімен, медициналық қызметкерлермен қарым-қатынас жасайды, сыпайы, мәселелерді тұжырымдауда қиындықтарға тап болады, командада жұмыс істей алады.	1. Әріптестермен, тәлімгерлермен, медициналық қызметкерлермен еркін қарым-қатынас жасайды, сыпайы, сұрақтарды дұрыс тұжырымдайды, командада жұмыс істей алады, көшбасшының

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
Силлабус		14 беттің 8 беті

қасиеттерін көрсетеді.					
ОН 4	Дәлелді медицина базасында жақ - бет аймағының ісіктерін емдеу бойынша ақпарат іздейді.	Оқу және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей алмайды.	Оқу әдебиеттерінде жақ-бет аймағының ісіктерін емдеу туралы ақпарат көздерін қолданады.	Мұғалім ұсынған жақ-бет аймағының ісіктерін емдеуге арналған дәлелді медицина базасындағы ақпарат көздерін пайдаланады.	Жақ-бет аймағының ісіктерін емдеуге арналған дәлелді медицина базасында ақпарат көздерін дербес табады, ғылыми әдебиеттерді қолданады.

10.2 Бағалау критерийлері			
Әріптік жүйемен бағалау	Цифрлік эквивалент	Пайыздық бағалау	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
Ауызша сұрау	Өте жақсы A (4,0;95-100%) A-(3,67;90-94%)	Студент жауап беру кезінде оқытылатын пәннің теорияларын, тұжырымдамаларын және бағыттарын басшылыққа алып, оларға сыни баға бере алса, сонымен қатар басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдалана отырып қателіксіз жауап берсе қойылады
	Жақсы B+(3,33;85-89%) B-(2,67; 75-79%) C+(2,33;70-74%)	Жауап беру барысында студент өрескел қателіктер жібермеген болса,бірақ жауап беру кезінде жіберген сәйкессіздікті немесе аса маңызды емес қателіктерді өз күшімен түзете алып, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алса қойылады
	Қанағаттанарлық C (2,0;65-69%) C-(1,67;60-64%) D+(1,33;55-59%) D(1,0; 50-54%)	Жауап беру кезінде студент түбегейлі қателіктер жіберсе, тек мұғалім көрсеткен оқу әдебиетімен шектеліп, материалды жүйелеуді орасан қиыншылықпен орындаған болса қойылады
	Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	Жауап беру кезінде студент өрескел қателер жіберсе, сабақтың тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс істемеген болса, гистология мен физиология бойынша ғылыми терминологияны дұрыс қолдана алмаған жағдайда қойылады.



Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Тесттік тапсырмаларды орындау	Өте жақсы А (4,0;95-100%) А-(3,67;90-94%)	90-100 % тест тапсырмаларын дұрыс орындаса
	Жақсы В+(3,33;85-89%) В-(2,67; 75-79%) С+(2,33;70-74%)	75-89 % тест тапсырмаларын дұрыс орындаса
	Қанағаттанарлық С (2,0;65-69%) С-(1,67;60-64%) Д+(1,33;55-59%) Д(1,0; 50-54%)	50-74% тест тапсырмаларын дұрыс орындаса
	Қанағаттанарлықсыз FХ (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	50% -дан төмен тест тапсырмаларын дұрыс орындаса

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
Жағдаяттық есептерді шешу	Өте жақсы 95-100 балл 90-94 балл	Студент жағдаяттық есепті шешуде қателіктер жібермеді, оқытылатын пәннің теорияларын, тұжырымдамаларын және бағыттарын басшылыққа алды, пәнаралық байланысты пайдаланды. Ғылыми терминологияны пайдаланды. Ол аурудың негізгі белгілерін анықтады, диагноздың критерийлері мен қосымша әдістерін дұрыс көрсетті, жағдаяттық есеп деректері мен қосымша зерттеу деректерін дұрыс түсіндірді.
	Жақсы 85-89 балл 80-84 балл 75-79 балл 70-74 балл	Студент жағдаяттық есепті шешу барысында өрескел қателіктер жібермеді, бірақ кемшіліктермен принципиалды емес қателіктерге жол қойды және оларды өз күшімен түзете алды.мұғалімнің көмегімен жағдаяттық есептің мәліметтерін және қосымша зерттеу әдістерін жіктеуге, түсіндіруге қол жеткізді..
	Қанағаттанарлық 65-69 балл 60-64 балл 50-54 балл	Жағдаяттық есепті шешу барысында студент түбегейлі қателіктер жіберді, тек мұғалім көрсеткен оқу әдебиетімен шектелді, жағдаяттық есептің мәліметтерін және қосымша зерттеу әдістерін талдауда үлкен қиындықтарға тап болды.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 балл	Студент жағдаяттық есепті шешу барысында өрескел қателіктер жіберді, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттерді пысықтамаған, ғылыми терминологияны пайдалана алмады. Жағдаяттық есепті мұғалімнің көмегімен шеше алмады.

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
Тәжірибелік жұмысты орындау	Өте жақсы A (4,0;95-100%) A-(3,67;90-94%)	жұмыс орны манипуляцияларды орындауға дайындық үшін барлық талаптарға сәйкес жабдықталған; тәжірибелік әрекеттер манипуляцияларды орындау алгоритміне сәйкес ретімен орындалады; пациенттің және медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; уақыт шегі сақталады; жұмыс орны санитарлық-эпидемиялық режимнің талаптарына сәйкес тазаланады; барлық әрекеттер негізделген.
	Жақсы B+(3,33;85-89%) B-(2,67; 75-79%) C+(2,33;70-74%)	тәжірибелік манипуляцияларды орындау үшін жұмыс орны толығымен дербес жабдықталмаған; тәжірибелік іс-әрекеттер дәйекті, бірақ сенімсіз орындалады; емделушімен медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; уақыт регламенті сақталмайды; жұмыс орны санитарлық-эпидемиялық режимнің талаптарына сәйкес жиналады; барлық іс-әрекеттер оқытушының нақтылау сұрақтарымен негізделеді;
	Қанағаттанарлық C (2,0;65-69%) C-(1,67;60-64%) D+(1,33;55-59%) D(1,0; 50-54%)	тәжірибелік манипуляцияларды орындау үшін жұмыс орны толық жабдықталмаған; оларды орындау дәйектілігі бұзылған; іс-әрекеттер белгісіз, іс-әрекеттерді негіздеу үшін оқытушының жетекші және қосымша сұрақтары мен түсініктемелері қажет; пациент пен медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; жұмыс орны санитариялық-эпидемиялық режим талаптарына сәйкес тазартылады;
	Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	жұмыс орнын дайындауға тосқауылдар орын алған, тәжірибелік манипуляцияларды өз бетінше орындай алмау; пациенттің және медициналық персоналдың қауіпсіздігін бұзатын әрекеттер жасалады, санитариялық-эпидемиялық режимнің, аппаратурамен, пайдаланылатын құрал-саймандармен және материалдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптары бұзылады.

Эссені бағалау парағы

Студенттің ТАЖ _____

Группасы _____

№ п / п	Бағалау критерийлері	деңгейі				Қабылд анбайды
		Тама ша	Өте жақсы	Жа қсы	Түзетуді қажет етеді	
1.	Берілген тақырыпқа сәйкестігі	20	20	15	10	0

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
Силлабус		14 беттің 11 беті

2	Нақты материалға сүйене отырып, өзінің көзқарасын көрсетті және дәлелдеді	20	15	15	10	0
3	Материалды қысқаша, анық және айқын көрсетті	20	20	15	10	0
4	Схема элементтері арасындағы өзара байланысты құра білу	20	15	15	10	0
5.	Академиялық жазу мәдениетін көрсетті	20	15	15	10	0
	Барлығы :	100	85	75	50	0

Ауру тарихын толтыру

Бақылау формасы	Бағасы	Бақылау критерииі
Ауру тарихын толтыру	Өте жақсы Бағаларына сәйкес келеді: А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%)	Ауру тарихы ұқыпты жазылған және белгіленген мерзімде тапсырылған. Ауру тарихын жазу схемасы сақталды. Алдын ала диагноз дұрыс қойылған. Шағымдар, анамнестикалық деректер және эпидемиологиялық тарих толығымен жинақталған. Зерттеу жоспары мен тағайындалуы клиникалық хаттамаға сәйкес толық. Зертханалық және аспаптық мәліметтердің нәтижелері дұрыс түсіндірілген. Клиникалық диагноз логикалық тұрғыдан дұрыс негізделген, рецепттердегі емдеу жоспары клиникалық хаттамаға сәйкес толық құрастырылған. Күнделіктер дәйекті, егжей-тегжейлі жазылған. Болжам мен ұсыныстар толық, дұрыс сипатталған.
	Жақсы Бағаларына сәйкес келеді: В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%); В- (2,67; 75-79%); С+ (2,33; 70-74%)	Ауру тарихы ұқыпты жазылған және белгіленген мерзімде тапсырылған. Ауру тарихын жазу схемасы толық сақталмаған. Алдын ала диагноз дұрыс қойылған. Шағымдар, анамнестикалық деректер және эпидемиологиялық тарих толық жиналмаған. Тексеру және емдеу жоспары клиникалық хаттамаға сәйкес келмейді. Зертханалық және аспаптық мәліметтердің нәтижелері дұрыс түсіндірілмеген. Клиникалық диагноз логикалық тұрғыдан дұрыс, емдеу жоспары рецепт бойынша жасалған, клиникалық хаттамаға сәйкес толық емес. Күнделіктер қысқа жазылған. Болжам мен ұсыныстар жеткіліксіз сипатталған.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы	044-45/11 14 беттің 12 беті
Силлабус	

	Қанағаттанарлық Бағаларына сәйкес келеді C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%)	Ауру тарихы ұқыпсыз жазылған және белгіленген мерзімде берілмеген. Ауру тарихын жазу схемасы сақталмайды. Алдын ала диагноз қойылмаған. Шағымдар, анамнестикалық деректер және эпидемиологиялық тарих дұрыс жиналмаған. Тексеру және емдеу жоспары клиникалық хаттамаға сәйкес келмейді. Зертханалық және аспаптық мәліметтердің нәтижелері дұрыс түсіндірілмеген. Клиникалық диагноз негізсіз, емдеу жоспары рецепттерде жасалмаған. Күнделіктер қысқа жазылған. Болжам мен ұсыныстар жоқ.	
	Қанағаттанарлықсыз Бағалауға сәйкес келеді: FX(0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	Ауру тарихы тексеруге ұсынылмаған	

11. Оқу ресурстары

Әдебиет

Негізгі:

1. Ермуханова Г.Т. Опухоли и опухолеподобные образования челюстно-лицевой области у детей и подростков. Учебное пособие. 2021 / <https://aknurpress.kz/login>
2. Зазулевская Л.Я. Болезни слизистой оболочки полости рта : учебное пособие / Л. Я. Зазулевская. - Алма-Ата : Newbook, 2019.
3. Терапиялық стоматология. Ауыз қуысы шырышты қабығының аурулары: Оқулық / бас.ред. Г.М.Барер. қаз тіліндегі ред Ж.Ғ.Таңқыбаева – М ГЭОТАР: Медиа, 2014.
4. Д.М.Мезгілбаева Терапиялық стоматология. /Оқулық/ 2-ші баспа Алматы. Акнұр, 2019

Қосымша:

1. Г.Б.Адилбаев Избранные главы опухолей головы и шеи. 1 часть монография. / Г.Б.Адилбаев.Х.А.Абистаев, Д.Г.Адилбай - Алматы : ЭСПИ, 2021.
2. Г.Б.Адилбаев Избранные главы опухолей головы и шеи. 2 часть монография. / Г.Б.Адилбаев.Х.А.Абистаев, Д.Г.Адилбай - Алматы : ЭСПИ, 2021
3. Ә.Ж.Есім Балалардың бет-жақ сүйек хирургиясы. /Мәтін/ баснұсқама Ә.Ж.Есім, Г.Т.Ермуханова Алматы АҚНҰР 2018 . 8,9,11 тараулар

Электронды деректер базалары

№	Атауы	Сілтеме
1	Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана	http://rmebrk.kz/
2	Консультант студента	http://www.studmedlib.ru/
3	Открытый университет Казахстана	https://openu.kz/kz
4	«Заң» нормативтік-құқықтық актілер базасы	https://zan.kz/ru
5	«Параграф Медицина» ақпараттық жүйесі	https://online.zakon.kz/Medicine/
6	Научная электронная библиотека	https://elibrary.ru/
7	Ашық кітапхана	https://kitap.kz/
8	Thomson Reuters	www.webofknowledge.com
9	ScienceDirect	http://www.sciencedirect.com/
10	«Aknurpress» сандық кітапхана	https://aknurpress.kz/login
11	Scopus	https://www.scopus.com/

12. Пәннің саясаты

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
Силлабус		14 беттің 13 беті

Пәнді меңгеру үшін қойылатын талаптар:

1. Себепсіз сабақтан қалмау;
2. Сабаққа кешікпеу;
3. Сабаққа формамен келу;
4. Тәжірибелік сабақтарда белсенді болу;
5. Сабаққа дайындалып келу;
6. Студенттің өзіндік жұмыстарын уақытылы кесте бойынша тапсыру;
7. Сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
8. Сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
9. Кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.
10. Білім алушылардың білімдерін аралық бақылау бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес теориялық оқытудың 7/14 апталарында жүргізіледі, аралық бақылау қорытындысы оқу үлгерім журналына және электронды журналға дәріске қатыспағаны үшін айып балын ескере отырып қойылады (дәріске қатыспаған жағдайда айып балы аралық бақылау бағасынан алынады). Дәрістің бір сабағына қатыспаған жағдайда 1,0 балл айып балы алынады. Себепсіз аралық бақылауға қатыспаған білім алушы пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді. Аралық бақылау қорытындысының мәліметі бақылау аптасының соңында деканатқа өткізіледі.
11. БӨЖ бағасы кестеге сәйкес сабақ барысында оқу үлгерім журналына және электронды журналға БӨЖ сабағына қатыспағаны үшін айып балы ескеріле отырып қойылады. БӨЖ-дің бір сабағына қатыспаған жағдайда айып балы 2,0 балды құрайды.

13. Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат

Пән бойынша баға қою саясаты

Студенттің курс аяқталғаннан кейінгі қорытынды бағасы (ҚБ) рұқсат беру рейтингісінің (РБР) бағасы мен қорытынды бақылау бағасының (ҚББ) қосындысынан тұрады және балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады.

$$ҚБ = РБР + ҚББ$$

Рұқсат беру рейтингісін бағалау (РБР) 60 балға немесе 60% - ға тең және мыналарды қамтиды: ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) және межелік бақылауды бағалау (МББ).

Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) тәжірибелік сабақтар мен БӨЖ сабақтарының орташасын бағалауды білдіреді.

Межелік бақылауды бағалау (МББ) екі межелік бақылаудың (МББ) орташа бағасын білдіреді.

Рұқсат беру рейтингісінің бағасы (60 балл) мына формула бойынша есептеледі:

$$РБР_{орт} * 0,2 + АББ_{орт} * 0,4$$

Қорытынды бақылау (ҚБ) тестілеу нысанында өткізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы бағаның 40% - ын ала алады.

Тестілеу кезінде білім алушыға 50 сұрақ ұсынылады.

Қорытынды бақылауды есептеу мынадай түрде жүргізіледі: егер білім алушы 50 сұрақтың 45-іне дұрыс жауап берсе, бұл 90% құрайды.

$$90 \times 0,4 = 36 \text{ балл.}$$

Қорытынды баға, егер білім алушының жіберу рейтингісі бойынша (ЖР) =30 балл немесе 30% және одан жоғары, сондай-ақ қорытынды бақылау бойынша (ҚБ)=20 балл немесе 20% және одан жоғары оң бағалары болған жағдайда есептеледі.

Қорытынды баға (100 балл) = РБР орт* 0,2 + МББ орт* 0,4 +ҚБ* 0,4 бақылау түрлерінің бірі (МБ1, МБ2, АБорт) үшін қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы емтиханға жіберілмейді.

Айыппұл балдары ағымдағы бақылаудың орташа бағасынан алынады



14.	Бекіту және қайта қарау		
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама	Кафедра меңгерушісі	Қолы
« 06 » 06 2023 г	№ 11	Иусупов А.Б.	
ББК мақұлданған күні	Хаттама	ББК төрағасы:	Қолы
« 15 » 06 2023 г	№ 11	Жембаева Л.О.	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
Силлабус		14 беттің 15 беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
Силлабус		14 беттің 16 беті